

• АҚОРДА

Белгісіздік дәуіріндегі бағдар

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Анталья дипломатиялық форумының «Mapping Tomorrow, Managing Uncertainties» пәндік сессиясына қатысты. Іс-шараны Түркия Парламентінің депутаты, бұрынғы сыртқы істер министрі Мевлют Чавушоглы жүргізді.



Мемлекет басшысы Түркия Режеп Тайип Ердоғанның басшылығымен халықаралық аренадағы беделін арттырып келе жатқанын айрықша атап өтті.

– Ең алдымен, көреген көшбасшы Режеп Тайип Ердоғанның жетекшілігімен Түркияның осы аймақта зор рөл атқаратынын айтқым келеді. Өңір әлсін-әлсін бетпе-бет келіп отырған өзекті мәселелердің шешімін табуға елдеріміз айтарлықтай атсалыса алады деп ойлаймын. Орайлы сәтті пайдалана отырып, Президент Ердоғанның келесі айда Қазақстанға жасайтын мемлекеттік сапарына ерекше мән беріп отырғанымызды жеткізім келеді, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Содан кейін Қазақстан Президенті биыл әлемдік қоғамдастық алдында тұрған және жақын перспективадағы халықаралық күн тәртібін қалыптастыратын негізгі сын-қатерлер мен үрдістер жөніндегі ой-пікірімен бөлісті.

– Дипломаттар мен саясаткерлер адамзат жолайрықта тұр дегенді мысал етеді. Біріккен Ұлттар Ұйымының бұрынғы Бас хатшысы Кофи Аннанның: «Біз әлі де жолайрықта тұрмыз» деп жиі айтатыны есімде. Халықаралық шиеленісті азайтуға қатысты айтар болсақ, бұл жағдай ешқашан өзгермейді. Қазіргі қақтығыстар өңірлік ауқымнан шығып, жаһандық сипатқа ие болды. Өрине, БҰҰ – баламасы жоқ әмбебап ұйым, сондықтан әрбір мемлекетке белгілі бір жауапкершілік жүктеледі. Біріккен Ұлттар Ұйымына қолдау көрсету керек

екенін жұрттың бәрі айтады. Бұл – факт. Бірақ Ұйымға қолдау көрсетіп қана қоймай, оған реформа жасау керек. Бұл да шындық. Ашығын айтқан жөн, «Ұйымға тез арада реформа жасалады» дегенге ешкім сенбейді. Өйткені БҰҰ-ны реформалау, өзгерту, қызметін қайта қарау мәселесін көптен бері көтеріп жүрміз. Одан ешқандай нәтиже шыққан жоқ. Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалау, ең алдымен, Қауіпсіздік Кеңесінен басталуы керек екенін мойындауымыз қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінгі көшбасшылардың бойынан табылуға тиіс қасиеттерге тоқталды. – Жаһандық көшбасшылар, әлемнің әр қиырындағы жекелеген мемлекеттердің жетекшілері, ең алдымен, халықаралық қауіпсіздік пен бейбітшілік мәселелеріне жауапкершілікпен қарауға қажет деп санаймын. Қазіргі сәтте стратегиялық ұстамдылық өте маңызды. Менің ойымша, бүгінгі күрделі әрі қарама-қайшылыққа толы әлемдегі шиеленістердің түйінін тарқату аса қиын емес. Жай ғана жауап-

кершілік танытып, сабырлы болу қажет, – деді Қазақстан Президенті. Мемлекет басшысы Таяу Шығыстағы ахуалға қатысты пікірін жеткізді. Президент келіссөздер барысында басты мәселелерге ден қою керек деп санайды. – Әлемде орын алған жағдайларға байыппен қарауға кеңес берер едім. Мәселен, бәрі Иранды талқылап жатыр. Өрине, бұл елдегі ахуал өте күрделі. Оған қатысты қандай да бір пікір айту қиын. Қазақстан Шығанақтағы елдерге тілектестігін білдірді. Біз тараптар-

ды стратегиялық ұстамдылыққа және әскери іс-қимылды тоқтатуға шақырдық. Бұл қақтығыстың ауыр салдарын бәрі сезінді. Ең әуелі экономика құлдырады. Бүгінде Ормуз бұғазында кемелердің еркін жүзуіне қойылған тосқауыл туралы айтылып жатыр. Бірақ дәліздің қақтығысқа дейін еркін сауда жасауға ашық болғанын ескеру қажет. Сондықтан мәселенің мәніне үңілгеніміз жөн. Ал түйткіл ядролық технология мен ядролық қарудың таралуында еді. Бұл Иран төңірегіндегі қақтығысқа қатысты

келіссөздердің басты тақырыбына айналуы керек. Бірақ қазір жаһандық сауда мәселесін талқылауға көшіп кеттік. Қиындықтарға қарамастан, ғаламдық сауда-саттық көлемі өсіп келеді. Былтырдың өзінде өсім 2,5 пайызды құрады. Яғни әлемдік саудадағы жағдай жаман емес. Алайда сауда-саттықтың сапасы мен мазмұны – үлкен проблема, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалау мәселесіне жауапкершілікпен қарауға шақырды. Сонымен қатар Қауіпсіздік Кеңесі тұрақты мүшелерінің ұстанымын Ұйымдағы дағдарыстың басты себептерінің бірі ретінде атады.

– Біріккен Ұлттар Ұйымын реформалау туралы айтқанда, барынша прагматикалық көзқарас ұстануымыз керек деп санаймын. Өйтпесе, алдағы уақытта да жолайрық, стратегиялық құндылықтар мен басқа мәселелер жайында айта береміз. Біз жаһандық, өңірлік кездесулер, конференциялар мен түрлі жиындар өткіземіз. Қазақстан және Түркия сияқты орта державалардың маңызы мен оң ықпалын атап өткім келеді. Өрине, әлемде бізге ешкім тең келмейді деп мақтанудан аулақпын. Бірақ жаһандық үдерістерде жоғары деңгейде жауапкершілік танытып жүрміз. Мұны дипломатиялық іс-әрекетіміз көрсетіп отыр. Сондықтан жаһандық мәселелердің шешіміне жиі қарсы келетін Қауіпсіздік Кеңесіндегі ірі державалардан гөрі орта державалардың жауапкершілігі жоғары десек, артық болмайды, – деді Мемлекет басшысы.

Келесі сұрақты қояр алдында Мевлют Чавушоглы Қасым-Жомарт Тоқаевтың дипломатиядағы тәжірибесінің мол екеніне назар аударды.

► 2-бет

• АГРОКЕҢЕС

Егіс науқанына ерекше жауапкершілік қажет

Жылдағыдай көктемгі егіс қарсаңындағы облыстық агрокеңес бұл жолы Абай қаласында өтіп, оған аудандар мен ауылдардың әкімдері, облыстағы қаржылық, сақтандыру, ауа райын болжау ұйымдарының өкілдері мен фермерлер қатысты.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ол басталмас бұрын облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев пен агрокеңеске арнайы келген республика Ауыл шаруашылық вице-министрі Азат Сұлтанов осында «Alisha Group» ЖШС ашқан ет өңдеу кәсіпорнымен танысып, аралап көрді.

Аталған компанияның бас директоры Рустам Қалиевтың айтуынша, бұл кәсіпорын салқиндатылған және мұздатылған ет, консервілер мен вакуумда қапталған өнімдер шығаруға бағытталған.

Мұнда түрік өндірісінің екі тәуелсіз желісі орнатылып, шығарған өнімдері халал стандарттары мен халықаралық азықтүлік қауіпсіздігі талаптарына сай болып, ол Қазақстан нарығымен шектелмей, Парсы шығанағы елдеріне, Еуропа мен Қытайға экспорты жолға қоюға мүмкіндік беретін көрінеді.



Қолжазба жасаған Аршалым Көкпемба

► 2-бет

БАСПАСӨЗ-2026

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2026 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жалғасуда. Күнделікті жаңалықтар, сараптамалық мақалалар, мәдениет пен спортқа арналған жарияланымдар – бәрі бір газетте. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады.

«Ortalyq Qazaqstan» – ақпаратқа сенім, жаңалыққа жақын!

Санаттар	Баламалы жазылым	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға 7600 теңге	6 ай 13 770,14	10 141,30
Жеке жазылулар үшін	6 айға 4000 теңге	6 ай 6 141,30	5 891,30

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru



Қаспи QR арқылы жазылуға болады

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!
«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнысыз) баламалы жазылу жүргізіледі.

Белгісіздік дәуіріндегі бағдар

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Президент Тоқаев – халықаралық жүйені, соның ішінде Біріккен Ұлттар Ұйымын өте жақсы білетін әлемдік көшбасшылардың бірі. Ол БҰҰ Бас хатшысының орынбасары лауазымында қызмет еткенін білесіздер. Сол уақытта мен Еуропа Кеңесі Парламенттік ассамблеясының төрағасы болдым. Қасым-Жомарт Тоқаев бауырлас Қазақстан халқының игілігі жолында аянбай еңбек ете жүріп, халықаралық жүйенің тиімділігін барынша арттыруға үлес қосып келеді, – деді модератор.

Мемлекет басшысы БҰҰ мен басқа да халықаралық институттарды жетілдіру жөніндегі ойымен бөлісті.

– Біз өңірлік және жаһандық қақтығыстарды талқылаймыз. Алайда Сіз Түркияның бұрынғы сыртқы істер министрі ретінде келіссөздер БҰҰ мен басқа да ірі халықаралық ұйымдар алаңында емес, одан тысқары жерлерде өтіп жатқанын аңғарған шығарсыз. Тараптар БҰҰ-да емес, белгілі бір елдердің астаналарында, желектеген конференц-залдарда кездеседі. БҰҰ жоғары өкілдерінің қақтығыстарға араағайындық жасағанын көре бермейміз. Бұл ойланатын мәселе. Демек БҰҰ-ның рөлі төмендеп кетті деген сөз. Мен оған қатты алаңдаймын. Өйткені, өзім де БҰҰ мен басқа да халықаралық ұйымдарда қызмет еттім. Қазір жұрт келесі БҰҰ Бас хатшысы кім болады деген тақырыпты талқылап жатыр. Менің ойымша, бұл аса маңызды емес. Ең басты



түйткіл, ұйым қазіргі күйінде әрі қарай қызметін жалғастыра ала ма? – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев жасанды интеллектінің халықаралық ұйымдар қызметіне ықпалын зерделеуге шақырып, жаһандық Ұйымды түбегейлі реформалау қажет екеніне тоқталды.

– Әлгіде айтқанымдай, өте өзекті халықаралық мәселелердің шешілуіне Қауіпсіздік Кеңесінің өзі кедергі келтіріп отыр. Бұл оғаш, балкім, ақылға сыймайтын жағдай. Адамдар, дипломаттар мен саясаткерлер басқа алаңдарда келіссөз жүргізуге мәжбүр. Айтпақшы, бұл проблеманы бытыр

қыркүйек айында өткен БҰҰ Бас ассамблеясының кезекті сессиясында Президент Дональд Трамп дәл сипаттады. Мен онымен толық келісемін. Ол БҰҰ штаб-пәтеріндегі бұзылған телесуфлер мен эскалаторды сыңға алып, «БҰҰ-да бәрі істен шыққан!» деді. Алайда ең маңызды мәселе – Біріккен Ұлттар Ұйымында және басқа да халықаралық құрылымдарда бейбітшілікті сақтау үдерісі тоқырап тұр. Мен – көпжақты дипломатияның жақтаушысымын. Бейбітшілікке бастайтын әділдік идеясының төңірегіне топтасқан адамзаттың жарқын болашағына әлі де сенемін, – деді Мемлекет басшысы.

Президенттің пікірінше, БҰҰ-ға уақыт талабына сай келмейтін идеялар мен ұстанымдардан арылу қажет.

– Аталған Ұйымның негізі 80 жыл бұрын қаланды. Кейбір адамдар ұйым әбден ескірді, құлдырап бара жатыр деген пікір айтады. Келісуге тура келеді. Бізге БҰҰ Жарғысына мұқият мән берген жөн. Жарғыда «дұшпан мемлекеттер» деген ұғым бар. Рас, 80 жыл бұрын бәрі түсінікті еді. Ал қазір әлгі «жау елдер» Ұйымды қаржыландыру және бейбітшілікті қолдау ісінде маңызды рөл атқарып отыр. Ең бастысы – БҰҰ-ның беделін көтеріп, тиімділігін арттыру, – деді ол.

Содан соң Қасым-Жомарт Тоқаев превентивті дипломатияның қақтығыстарды тоқтатуда өте өзекті екеніне мән берді.

– Бұл тақырып бұрыннан талқыланып келеді, кемінде 30 жыл болды. Бірақ өзгерген ештеңе жоқ. Жағдай ділмәр сөз, декларация күйінде қалып жатыр. Өңірлік және жаһандық шиеленістерді болжауға баса мән берген жөн деп ойлаймын. Превентивті дипломатия дегеніміз – осы. Сонымен қатар біз көпжақты тиімді дипломатияға қолдау көрсету үшін күш-жігерімізді біріктіру керек, – деді Қазақстан Президенті.

Солтүстік Македония Президенті Гордана Силиановска-Давкова Қасым-Жомарт Тоқаевтың БҰҰ өз жұмысында превентивті дипломатияға баса назар аудару керек деген пікіріне қолдау білдірді.

– Біріккен Ұлттар Ұйымы мен Еуропа Одағы әу баста әлемде бейбітшілік орнату үшін құрылған. Дегенмен екі құрылым да соғыспен бетпе-бет келіп, сәтсіздікке ұшырады. Неліктен бұлай болды? Өйткені превентивті дипломатия жоқ. Тоқаев мырза превентивті және проактивті дипломатия жайында айтты. Саяси шешімдер қабылдауда бізге осындай оң үлгі жетпей тұр, – деді Солтүстік Македония Президенті.

Сондай-ақ панелдік пікірталасқа Грузия Премьер-министрі Ираклий Кобахидзе қатысты.

2026 жылғы 17 сәуір
Түркия, Анталия қаласы
Akorda.kz

• БРИФИНГ

Оңай олжа опық жегізеді

Су айдындарындағы балық атаулысының уылдырық шашу кезеңіндегі «оңай олжа» ауыр жазаға соқтыруы – шындық. Облыста табиғат сақшылары мен балық шаруашылығы инспекциясының өкілдері тәулік бойғы кезекшілікке көшті. Мәселен, тек биылдың өзінде тоғыз адам қылмыстық жауапкершілікке тартылып, қайықтары мен құрал-жабдықтары тәркіленді. Бұл туралы аймақтық коммуникациялар қызметінің ақпараттық алаңында мәлім болды.

Ерканат КЕНЕСБЕКҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағандыда «Уылдырық шашу» және «Таза су айдындары» атты кең ауқымды табиғатты қорғау акциялары басталды. «Нұра-Сарысу» облысаралық бассейндік балық шаруашылығы инспекциясы Қарағанды облысы бойынша балық инспекциясы бөлімінің басшысы Ерік Әбішев және Қарағанды орман және жауаулар дүниесін қорғау шаруашылығының директоры Махсат Мұхановтың айтуынша, көктем мезгілінде басталатын уылдырық шашу кезеңі – балық ресурстарын сақтауда аса маңызды уақыт. Осы кезеңде балықтардың табиғи көбеюіне жағдай жасау үшін су айдындарында кез келген балық аулауға шектеу қойылып, бақылау күшейтіледі. «Уылдырық шашу» пәнінаны дәл осы мақсатты көздейді.

Ал, «Таза су айдындары» акциясы су көздерін тұрмыстық қалдықтардан, заңсыз ау құралдарынан және өзге де ластаушы факторлардан тазартуға бағытталған. Бұл шаралар экожүйенің тепе-теңдігін сақтап, балық қорының көбеюіне оң әсер етеді. Спикерлер мәліметінше, Қарағанды облысында браконьерлік фактілері көбіне дәл осы кезеңде тіркеледі. Заңсыз балық аулаудың алдын алу үшін құзыретті мекемелер өкілдері бірлескен рейдтер ұйымдастырып, тәулік бойы бақылау жүргізеді.

Біздің басты мақсатымыз – табиғи қазынамызды сақтау және келешек ұрпаққа таза қоршаған орта қалдыру. Осы ретте барлық тұрғындарды заң талаптарын сақтауға және табиғатты қорғау шараларына белсенді қатысуға шақырамыз, – деді спикерлер.

Иә, браконьерлер тыным таппай тұр. Осы уақыт аралығында су айдындарында заңсыз балық аулау мәселесі күрт ұшығып, өңір экожүйесіне айтарлықтай зиян келтіру қаупі жоғарылайды. Мамандар мәліметінше, уылдырық шашу кезеңінде Қазақстан Республикасының заңнамасын жаппай бұзу деректері тіркеліп жатады. Ал, жауапкершілік Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне қарастырылған. Бірінші рет тәртіп бұзған жаңдар үшін – 10 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл көзделген. Жағымсыз жағдай қайталанған жағдайда – 20 АЕК. Үшінші және өрескел заң бұзушылықтар – қылмыстық жауапкершілікке тартылмақ. Өрі балық аулау құрылғысы, жүзу құралдары және заңсыз ауланған балық тәркіленеді.

Көбіне браконьерлер тыйым салынған құралдар – торлар мен электр қармақтарды пайдаланады. Мұндай тәсілдердің зияны орасан. Өткен жылдың өзінде Ботақара аумағындағы көлде 8,5 шақырымнан астам тор тәркіленіп, жойылған.

Құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында құзыретті мекемелердің желдел топтары табиғатты қорғау полициясымен бірлесіп, тәулік бойы рейдтер жүргізу үстінде. Сонымен қатар, тұрғындарға түсіндіру жұмыстары жүргізілуде.

Былтыр инспекторлар 904 хаттама тоқтырған. Оның ішінде төрт қылмыстық іс қозғалған.

Абай ауданы
Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• «АДАМИ КАПИТАЛ»

Жас таланттарға серпін

Қарағанды облысында жасөспірімдерге арналған Creative Start инкубаторы іске қосылып, 3 млн теңгелік жұлде қоры бар жобалар алаңы ашылады. 14-18 жас аралығындағы жасөспірімдерге арналған 8 апталық Creative Start инкубаторы креативті индустриялар саласында тың идеяларды нақты жобаға айналдыруға жол ашады.

Салтанат І.ШЫШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Инкубатор қатысушылары бес бағыттың бірін таңдай алады: ойын әзірлеу (GameDev), мобилді бейне-контент жасау (Mobile Video), AI-анимация, баспа жобалары мен комикстер (Publishing & Comics), сондай-ақ, музыка және битмейкинг (Music & Beatmaking). Әр бағыт бойынша тәжірибелі менторлар мен салалық сарапшылар жұмыс істеп, қатысушыларға жобаларын дамытуда нақты қолдау көрсетеді.

Бағдарламаның білім беру бөлігі алты модульден тұрады. Оның ішінде, дизайн-ойлау, жобалық жұмыс, жеке тиімділік сияқты қазіргі заман талабына сай дағдылар қамтылған. Оқыту барысында қатысушылар сарапшылармен бірге спринттер өткізіп, өз идеяларын толыққанды өнімге айналдырады. Бұл – теория мен тәжірибені ұштастыратын тиімді формат.

Инкубатордың қорытынды кезеңі – Қарағандыда өтетін Demo Day. Бұл күні қатысушылар өз жобаларын көпшілік алдында таныстырып, үздіктері 3 миллион теңге көлеміндегі жұлде қорына ие болады. Сонымен қатар, барлық қатысушыларға сертификат табысталаып, оқу материалдарына қолжетімділік беріледі.

Іс-шараның өткізілу мерзімдері де нақты белгіленген: 24 сәуірге дейін өтінімдер қабылданады, сол күні онлайн-буткемп арқылы бағдарлама басталады. Негізгі кезең 25 сәуір мен 30 мамыр аралығында өтіп, 6 маусымда Demo Day ұйымдастырылады.

Егіс науқанына ерекше жауапкершілік қажет

(Соңы. Басы 1-бетте)

Заманауи кешен құрамында мал сою пункті, ет өңдеу және консервілеу желілері, сондай-ақ, қой фермасы бар. Тәулігіне мұнда 300-ге дейін ұсақ мал мен 50-ге дейін ірі қара еті өңделеді. Шикізат қазірде жергілікті фермерлерден сатып алынып отырса, енді 500 бас ірі қара мен 3 мың бас ұсақ малға арналған бордақылау алаңын, сол сияқты етті терең өңдеу кешенін салуға қажетті құжаттар дайындалуда.

– Қарағанды облысында өңдеу өнеркәсібін дамытуға қажетті барлық ресурс бар. Мұндай кәсіпорындар жаңа жұмыс орындарын ашып, экономиканы нығайтады және өңірдің инвестициялық тартымдылығын арттырады. Ендігі міндет – өндірісті кеңейтіп, жаңа нарықтарға шығу. Кәсіпорын тоқтап қалмауға тиіс, – деді өңір басшысы.

Қазірдің өзінде жылына 2400 тоннаға дейін өнім өндіруге қауқарлы бұл кәсіпорында 20 адам жұмыс істеп, алдағы уақытта штат санын ұлғайту жоспарланып отыр.

Бұдан кейін агрокенеске қатысушылар қалалық Мәдениет үйі алдына қойылған ауыл шаруашылық техникалары көрмесін тамашалады. Олардың арасында қытайлық дрондар, «Беларусь», «К-700» тракторлары мен отандық машина жасау зауыттары жинап, құрастырған ауыл шаруашылық техникалары болды.

Одан әрі Мәдениет үйінің акт залында агрокенестің пленарлық мәжілісі басталып, оны облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев ашып, жүргізіп отырды.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша бірінші кезекте Ауыл шаруашылығы вице-министрі Азат Сұлтанов жалпы еліміз бойынша биылғы көктемгі егіс науқанына дайындық барысына тоқталып, облыстық ауыл шаруашылық және жер қатынастары басқармасының басшысы Әнуар Тілобеков баяндама жасады.

Баяндамада айтылғандай, биылғы көктемде облыс дикандары 1 миллион 230 мың гектар жерге (өткен жылғыдан 48,3 мың гектар артық) егін салғалы отыр екен. Бірақ егістік алқаптарын диверсификациялау есебінен бидай алқаптары 16,6 мың гектарға азайтылып, оның есесіне жоғары рентабельді дақылдар егістігі, яғни майлы дақылдар 7,9 мың гектарға,



ал жемаздық дақылдары 33,8 мың гектарға ұлғайтылған. Және майлы дақыл өнімдерін өңдеу кәсіпорындарына өткізетін өндірісше оның әр тоннасы үшін 31 мың теңге субсидия төлеу қарастырылған.

Облыста биыл картоп 15 мың, ал көкөніс 2 мың гектар жерге отырғызылмақ.

Осы науқанда себу үшін әзірленген 109,5 мың тонна бидай тұқымның 92,2 пайызы жоғары өнімді болып табылады.

Биыл бекітілген Жол картасына сәйкес егістік алқаптарына 111,6 мың тонна минералды тыңайтқыштарды сіңіру көзделсе, соның 74,3 пайызы ғылыми негізделген қажеттілікті құрайды. Бүгінде оларды жеткізудің келісімшарттары жасалып, соның 31,7 мың тоннасы әкелінген.

Бұдан бөлек, облыстың ауыл шаруашылық құрылымдары 271 мың литр пестицид те сатып алыпты.

Суармалы жерлерді егістік айналымына қосу жөніндегі жұмыстар жалғасып, биыл оның көлемін 6,2 мың гектарға арттырып, 52,7 мың гектарға дейін жеткізу жоспарланған.

Облыс бойынша биылғы егіс науқанына 8,5 мыңнан аса трактор, 229 тұқым себу кешені, 4,4 мыңнан астам тұқым сепкіш және 9,7 мың топырақ өңдеу техникасы қатыстын болса, қазір олардың 98,5 пайызы дайындық сапына қойылған.

Көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге бөлінген 17,5 мың тонна дизель отыны тасып алынып, оның әр литрі ауыл шаруашылық

тауарын өндірушілерге 281 теңгеден босатылуда. Осынау субсидиялардың шығындарын субсидиялау үшін 7,8 миллиард теңге сомасында мемлекеттік қолдау қарастырылған.

Соған қоса «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ «Кең дала» және «Кең дала-2» бағдарламалары бойынша 269 ауыл шаруашылық құрылымын 17,9 миллиард теңгеге, ал «Қазақарқаржы» АҚ 256 ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға 128 шаруашылықты 8,5 миллиард теңгеге қаржыландырған.

Сонымен, алдын ала ауа райы болжамына байланысты облыста көктемгі егіс науқанын мамыр айының екінші онкүндігінде өткізу белгіленген.

Келесі кезекте Абай ауданының әкімі Сәбит Оспановтың алдағы көктемгі егіске даярлық туралы баяндамасы тыңдалды.

Бұл жолы абайлық дикандар жалпы егіс көлемін 60 мың гектарға (былтырғыдан 4 мың гектарға артық) жеткізсе, соның 41 мың гектарын дөңді дақылдар алқабы құрайды. Егер суармалы жерлер мұнда 22 мың гектарды құраса, биыл оны тағы да 150 гектарға ұлғайту көзделіп отыр.

Аудан әкімі одан әрі көктемгі егіс науқанын өткізу үшін қолда бар техниканың толық әзірлік күйіне келтіріліп, 1240 тонна дизель отыны жеткізіліп, 30 мың тонна тұқым себуге дайын тұрғанын және 8 мың тонна минералды тыңайтқыштар жеткізу де дер кезінде аяқталатынын айтты.

Жоғарыда айтқанымыздай,

Өңір экономикасында өсім бар

Облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың төрағалығымен өткен аппарат жиынында биылдың қаңтар-наурыз айларындағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары таразыланды. Басқосуда өнеркәсіп, инвестиция, ауыл шаруашылығы, құрылыс және сыртқы сауда салаларындағы негізгі көрсеткіштер сараланып, алдағы міндеттер нақтыланды.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Облыстың экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы Дулат Ашкеновтің айтуынша, жыл басынан бері облыс экономикасында оң серпін сақталды. Жалпы өнімнің шамамен 72 пайызын құрайтын негізгі салалардағы өсім 5,3 пайызға жетті. Бұл – республикалық орташа көрсеткіштен жоғары.

Өңіріміздің өнеркәсіп саласындағы өсім – 5,9 пайыз. Ал, ауыл шаруашылығында 4,4 пайыздық ілгерілеу бар. Сонымен қатар, құрылыс, сауда және көлік салаларында да тұрақты даму байқалады. Сыртқы сауда көрсеткіштері де өңірдегі экономикалық белсенділіктің артып келе жатқанын көрсетеді. Үш айдың қорытындысында тауар айналымы 1,1 млрд АҚШ долларына жетіп, 31,7 пайызға ұлғайды. Экспорт көлемі 692 млн долларды құрап, 1,5 есеге артты. Ал, саудадағы оң салды 291 млн доллар. Бұл, негізінен, өңделген өнімдер, соның ішінде ұн мен металл бұйымдарын жеткізу көлемінің көбеюімен байланысты, – деді Дулат Кәрімұлы.

Басқарма басшысының баяндауынша, облыс өнеркәсібінде өңдеуші сектордың үлесі басымдық ала бастаған. Өңдеуші өнеркәсіптің өсімі 7,6 пайызға жетіп, жалпы саланың негізгі бөлігін құрап отыр. Бұл өңір экономикасының әртараптануына келе жатқанын аңғартады. Машина жасау, құрылыс индустриясы, химия және тамақ өнеркәсібінде оң көрсеткіштер тіркелген. Металл өнімдерін, техниканы және қайта өңделген тауарларды өндіру көлемі артқан. Ал, тау-кен өндірісінде өсім көмір өндіру көлемінің ұлғаюымен қамтамасыз етілген.



ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ ӘКІМДІГІ

Құрылыс саласында да оң динамика сақталды. 67,5 мың шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліп, өсім 26 пайызды құрады. Бұл негізінен көпқабатты тұрғын үйлер құрылысының артуы есебінен.

Аппарат жиынында инвестиция тарту мәселесіне де ерекше назар аударылды. Басқарма басшысының айтуынша, өңірде инвестициялық ахуалды жақсарту бағытында жүйелі жұмыс жүріп жатыр. Негізгі басымдық өңдеуші өнеркәсіпті дамытуға және жоғары қосылған құны бар өнім шығаруға берілген. Осы мақсатта дайын инфрақұрылымы бар индустриалық алаңдар құрылып, инвесторларға «бір терезе» қағидаты бойынша қолайлы қызмет көрсетілуде. Бұл ретте Qaragandy Invest орталығы арқылы нақты жобалармен атаулы жұмыс жүргізілуде.

Сонымен қатар, жаңа өндірістерге қажетті мамандар даярлау, көлік-логистикалық ин-

фрақұрылымды дамыту және басым жобаларды мемлекеттік қолдау тетіктерімен қамтамасыз ету шаралары қатар жүзеге асырылуда. Биылғы бірінші тоқсанда өңірге 139 млрд теңге инвестиция тартылған. Ал, жылдық жоспар 1,9 трлн теңге көлемінде белгіленіп отыр.

Өрі қарай жиында ауыл шаруашылығы саласының жағдайы да кенінен сөз болды. Облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының басшысы Ануар Төлеубековтің баяндамасына сәйкес, биылғы үш айда агроөнеркәсіп кешенінде де оң өсім сақталған. Жалпы өнім көлемі 40,3 млрд теңгеге жетіп, өсім 4,4 пайызды құрады. Бұл нәтижеге мал шаруашылығы саласы негізгі үлес қосып отыр.

Биыл ауыл шаруашылығы 63,6 млрд теңгеге құрайтын 26 инвестициялық жобаны жүзеге асыру есебінен қамтамасыз етілмек. Нәтижесінде 350-ден астам жаңа жұмыс орны ашылады. Негізгі назар мал шаруашылығына, егін шаруашылығына және қайта өңдеу бағытына аударылған. Сүт өндірісінде ірі тауарлы-сүт фермаларын іске қосу және оларды толық қуатқа шығару арқылы шамамен

6 пайыз өсім келуі көзделген. Құс шаруашылығында құс фабрикаларының жаңғырту есебінен жұмыртқа мен құс етін өндіру көлемі артады. Ал, ет өндірісі құс фабрикалары мен бордақылау алаңдарын кеңейту арқылы ұлғайтылмақ, – деді ол. Сонымен бірге, егіс алқаптарының көбейту, мал басын арттыру және ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу бағытындағы жобалар да кезең-кезеңімен іске асырылып жатыр. Бұл дайын өнім көлемін арттырып, шикізат күйінде экспортталатын тауарлар үлесін қысқартуға мүмкіндік береді. Жыл соңына қарай облыста ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемін 560 млрд теңгеге жеткізіп, шамамен 4 пайыз өсім қамтамасыз ету жоспарланған.

Жиын соңында облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаев барлық сала басшыларына жыл басынан бергі қалыптасқан оң серпінді бәсеңдетіп алмауды, әр салада қырағылық танытып, белгіленген міндеттердің уақытылы әрі сапалы орындалуын қамтамасыз етуді міндеттеді.

Суреттерді түсірген **Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**

Мұхтар ШАХАНОВ

Қазақ әдебиеті мен руханиятының көрнекті өкілі, ақын, қоғам қайраткері Мұхтар Шахановтың дүниеден озуына байланысты академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің ұжымы марқұмның отбасы мен туған-туыстарына және барша қазақ еліне қайғыра көңіл айтады.



Мұхтар Шаханов – ұлт рухын асқақтатып, адамгершілік пен әділеттің ақ туын биік ұстаған бірегей тұлға еді. Оның жалынды жырлары мен батыл азаматтық ұстанымы талай буынның рухани қалыптасуына жол ашты.

Мұхтар Шаханов – университетіміздің «Құрметті профессоры» атанып, білім мен ғылым ордасымен рухани сабақтастық орнатқан қадірлі жан.

Ұлы тұлғаның тағылымды мұрасы мен биік болмысы келешек ұрпақ үшін мәңгілік өнеге болып қала бермек.

Бақұл болыңыз, Ұлт ақыны!

Е.Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университеті

Хош, XX ғасырдың ұлы ақыны!

Бүгін қазақ жыры кара жабылды. XX ғасырдың ұлы ақыны Мұхтар Шаханов фәниден бақиға аттанып барады... Қазаққа көзі тірісінде жер-жаһанға Олжас Сүлейменов пен Мұхтар Шахановтай мәшһүр болған ақын болған жоқ! Алда бола ма, о да белгісіз. Рухтың заманы өтіп, ішек-қарынды бет алып бара жатқанын бір Алладан басқа ешкім білмейді!

Мұхтар Шаханов экономикасы күйлі, мәдениеті де айтулы дейтін озық отыз елде де қазақ поэзиясындай ірі құбылыстың мүлде оқ екенін дәлелдеп кетті! Ол 70-ші жылдары қазақ шәйірілері мақалдап, мәтелдеп, мын ашыған елге ақылгөйсіп сөйлей бастаған кезде шынайы Қара өлеңнің қандай екенін көзге түртіп көрсеткен Ақын болды! О. Сүлейменов. А. Вознесенский, Е. Евтушенко. Мұстай Кәрім, Р. Гамзатов, Қ. Құлиевтермен қатарласып, қапталдаса ол қазақ жырына да төңкеріс жасаған еді!

Алаш – ақындарына аталы сөз айта алмаған жұрт. Оған салсаң, Ақан серілер – перімен жүрген «жанды», Мағжан – «халық жауы», Мұқағали – маскүнем, Мұхтар Шаханов – эстада...

Ол менің ұстазым еді. 1981 жылы «Жігер» фестивалінде «Арғымақтар» атты өлеңіме тәңгі болып, бауырына тартып еді. Екі Мұхтардың тартысында мен Мағани жағына шығып кеткенмін. Қарқаралыдағы Қасым тойында екеуміз тіл табыса алмай қалдық, ет қызудан ағам қатты-қатты айтып жіберіп едім... Сондағы сөздерім көңіліңде кетті ме?

О, Тәңірі! Кеше гөр мені! Ағамның менің алдымда, қазақтың алдында да түк кінәсі жоқ! Кінә болса – менде! Бізде – кінә! Ағалардың арасына түсіп, нем бар еді?! Кеше гөр мені! Пенденің пенделігінен келер залал аз, ақынның пенделігінен қоғамға Сайтан араласады. Кешір мені, Раббым!

Осы биыл Құдияр Біләлдан Мұхтар Шаханов өлеңдерінің электронды нұсқасын сұрап алып, Мұхтар ағам хақында ақтарыла бір эссе жазсам деп едім. Қасымда мәңгі жүре беретіндей... Үлгермей қалдым...

«Айтып өткен ақынды арман бар ма!», – деген еді ұлы Мұқағали. Ол айтарын айтып кетті! Айта алмай жүрген біз ғой?

Хош бол, XX ғасырдың ұлы ақыны! Алдың пейіш, артың кеніш болғай!

Серік АҚСҰҢҚАРҰЛЫ

• АГРОКЕШЕН

Тың жобалар тыныс ашады

Табиғаттың төрт мезгіліне мәрт Қарағанды аймағының агрокешенді дамытуға негізі жетерлік. Өндірісті өңірдің аграрлық аймаққа айналуы үшін территориялық әрі климаттық жағдайы толық мүмкіндік береді. Осы орайда, аймақта агроқалада тың жобалар саны жыл сайын көбейіп, қанат қағып келеді. Мәселен, биыл агроөнеркәсіп кешенде әлеуметтік кәсіпкерлік кооперациясы арқылы «Еселендіру» бағдарламасымен 13,3 млрд теңге шамасында 10 жоба іске асырылды.

Жобалар қатарында суармалы жер, ет өңдеу сынды маңызы зор жобалар бар.

Атап айтқанда, жоба жобалық құны 2,4 млрд теңгеге құрайтын «Рамадан» ЖШС фирмасын құру жобасы, 283 миллион теңге сомасында Қарқаралы ауданына қарасты «Атамекен» шаруашылығының 150 гектар суармалы жерді айналымға енгізу жобасы, 500 миллион теңге сомасында «Aisha group» серіктестігінің етті қайта өңдеу кәсіпорнын құру және 552 миллион теңге сомасына «Динами Агро» ЖШС 442 гектар суармалы жерді айналымға енгізу жобалары ел ырысын еселеуге үлес қосатын болады. Сондай-ақ, өңірдің агроөнеркәсіптік кешені саласындағы өнімді сақтау және өнім өндірісінің қуаттылығын кеңейту бағытында ауқымды жобалар іске асты.

Агроөнеркәсіп саласындағы жетістіктермен тұрақтылықтарды қамтамасыз етуге мемлекеттік қолдаудың үлесі зор. Өткен



жылы мемлекеттік қолдау шаралары аясында 2000-нан астам шаруашылық құрылымдарында 24,7 млрд теңге сомасында қаржылай көмек көрсетілді.

Біз сондай-ақ ауыл тұрғындарының табысын арттыру бағытында «Ауыл аманаты» бағдарламасы аясында белсенді жұмыс жүргізіп жатырмыз. Оның аясында ауылдағы шағын бизнесіті дамытуға 132 несие берілді. 2025 жылы республикалық бюджеттен бұл жобаға 2 миллиард теңге бөлінді. Бүгінгі күнде осы қаржының 1,5 миллиард теңгесі игеріліп, 132 ауыл тұрғыны несие алды. Бізде жеке қосалқы шаруашылықтарды қолдау және

кооперативтер құру бағыты да бар. Жоба жеке кәсіпкерлерге де, фермерлер мен жеке тұлғалардың бірігіп, ауыл шаруашылығы кооперативтерін құруына бағытталған.

Осы бағдарлама аясында 108 жоба қаржыландырылды: жеке қосалқы шаруашылықтарға 807 миллион теңге бөлінді, ал, ауыл шаруашылығы кооперативтерін құру бойынша 24 жобаға 647 миллион теңге қарастырылды. Бұл шағын жобаларды жүзеге асырудың нәтижесінде ауылдық жерлерде 172 жұмыс орны құрылды, – деді ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы басшысының орын-

басары Сырым Бошпанов.

Сондай-ақ, техника сатып алу да қаржыландырылады. Оның үлесі 12%, қайта өңдеу саласына 3,8%, ал, ауыл шаруашылығы бизнесіне жатпайтын жобаларға 16,6% үлес тиесілі.

2026 жылы «Ауыл аманаты» жобасын жүзеге асыру үшін қолдауды айтарлықтай кеңейту жоспарлануда. Осы мақсатқа 4,8 миллиард теңге қарастырылған. Жер қатынасында атқарылып жатқан жұмыстарда басым бағытта ие. Ғарыштық мониторинг және геоаналитикалық сараптау көмегімен пайдаланымай жатқан жерлер анықталды. Мемлекеттік меншікке былтырғы

жылы 146 мың гектар пайдаланылмаған немесе заңнаманы бұза отырып берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер қайтарылды.

Жалпы облыс бойынша қайтарылған 2 миллионға жуық ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің айналымға қазіргі таңда 1 миллион 564 мың гектар енгізілген. Жайылымдық жер тапшылығын азайту бағытында бірқатар жұмыстар жүргізілді. Нәтижесінде өткен жылы тапшылық 442 мың гектардан 230 мың гектарға дейін қысқарды.

Биыл да бұл жұмыс жалғасып, тапшылық тағы 93,3 мың гектарға азайып, 138,3 мың гек-

тарды құрады. Жоспарланған 362 мың гектардың орнына 639 мың гектар жер ауыл шаруашылығы айналымына тартылып, жоспар 176%-ға орындалды. Бұл көрсеткіштер саланың тұрақты дамуын және алға қойылған мақсаттарға қол жеткізу мүмкіндігінің жоғары екенін көрсетеді. Егіс алқаптарын әртараптандыру аясында майлы және азықтық дақылдардың үлесін арттыру жұмыстары жүргізілуде. Бұл бағытта мемлекет тарапынан қайта өңдеуге өткізілген өнімге субсидия беріліп, мөлшері 25 мың теңгеден 31 мың теңгеге дейін ұлғайтылды. Мал шаруашылығы саласында да өсім жоспарлануда.

Жалпы, құны 3 млрд теңгеге құрайтын 28 жобаны жүзеге асыру көзделуде, оның ішінде, ірі тауарлы өндірістерді дамытуға бағытталған бастамалар бар. Алдағы негізгі мақсаттың бірі – көктемгі дала жұмыстарына сапалы дайындық жүргізу. Егістікті зиянкестерден қорғау үшін қажетті пестицидтер сатып алынды. Суармалы жер көлемі 6,2 мың гектарға ұлғайып, 52 мың гектарға жетеді. Техника дайындығы да жоғары деңгейде, 8,5 мың трактор, жүздеген егіс кешендері мен мыңдаған тұқым сепкіштер жұмылдырылады.

Мемлекеттік қолдау аясында көктемгі жұмыстарға 8 млрд теңге субсидия қарастырылды. «Кең дала» және «Кең дала-2» бағдарламалары арқылы 5% мөлшер-лемесен 17 млрд теңгеден астам жеңілдетілген несие берілді. Шаруашылықтар көктемгі науқанға толық дайын. Агроөнеркәсіп кешенін дамытуға және 2026 жылға жоспарланған көрсеткіштерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

Динара ҒАБДЫҒАЛЫМ

• АҚЫН РУЗА АЛДАШЕВА – 60 ЖАСТА

Сезім мен сырға толы жыр-ғұмыр

Теміртау Мәдениет сарайында ақын, Қазақстан Жазушылар одағы мен Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Руза Алдашеваның 60 жасқа толуына арналған «Қаңтарда қауыз жарған гүл» атты шығармашылық кеш дүркіреп өтті. Айтулы мерейтойлық кеш тұтас бір дәуірдің, қазақ поэзиясының мөлдір бұлағындай ағып жатқан сырлы әлемнің салтанаты болды.

Жәлел ШАҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Алдымен, Мәдениет сарайының фойесінде ұйымдастырылған кітап көрмесі ақын шығармашылығының кезең-кезеңінен сыр шерте, қолөнер көрмесі ұлттық рухтың бояуын қанықтай түсті.

Сахна шымылдығы ашылған сәтте көрермен «Отанға оралу» атты пролог арқылы поэзияның биік рухына бірден еніп кетті. Қойылым барысында «Армысың, Атамекен!», «Отан», «Отан-Ана», «Тілім – туым», «Қарағандым», «Сары қыз және Сарыарқа» өлеңдері оқылып, «Руза қыз» әні шырқалды.

Руза Алдашева шығармашылығы қазақ поэзиясының ірі өкілдері Фариза Оңғарсынова, Күләш Ахметова, Ақшұтпап Бақтыгереева қалыптастырған дәстүрдің заңды



жалғасы ретінде бағаланып, көрерменді ақын әлеміне жетелей түсті.

Алаштың ауылы ақын қызы Руза Алдашева кешті «Ұрпағымын Алаштың...» атты өлеңін оқып ашты.

Кеш барысында Ақселеу Сейдімбек, Серік Ақсұңқарұлы, Ғалым Жайлыбай сынды көрнекті тұлғалардың шайыр шығармашылығы туралы пікірі ақын еңбегінің

биік деңгейде мойындалғанын аңғартты.

Ақын өмірінің бір ауқымды кезеңі Теміртаумен тығыз байланысты. Бұл тақырып кеште кеңінен қозғалды. Рухани ұстазы, ақын Қасым Ботанов туралы естеліктер, оның өлеңінің оқылуы рухани сабақтастықтың белгісіндей еді.

Кеш барысында ақын Руза Алдашеваның сөзіне жазылған бірқатар ән орындалды.

Әсіресе, композитор Әкім Ысқақтың «Сен келмедің» әні көрерменнің ерекше ықыласына бөленді. Бұл әннің тарихы да тартымды. 1985 жылы композитор Руза ақынның өлеңін «Жалын» журналынан оқып, жүрегінен сезініп, әнге айналдырған.

Кештің ең маңызды сәтінің бірі – «Жеткізбей жүрген құштарлық» кітабының тұсаукесері болды. Бұл – ақынның шығармашылық жолындағы жаңа белес, жаңа тыныс.

Кітаптың тұсауын кескен ақынға әдебиеттен сабақ беріп, өнерге баулыған ұстазы Орынбасар Емберген, рухани бауыры, Алматыдан арнайы келген ақын, Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Ахмет Әмірзақ, Қазақстан Жазушылар одағының облыстағы өкілі, ақын Жанат Жаңқашұлы кеш иесінің еңбегіне жоғары баға беріп, ыстық лебізін ақтарды.

«Жеткізбей жүрген құштарлық» деп атауының себебі – ол менің балалық шақтан бастау алған ішкі әлеміммен, қиялыммен, арманыммен тікелей байланы-

сты. Бұл әр адамның жүрегінде үздіксіз туып отыратын рухани құштарлық, туған жерге, ата-анаға, елге деген махаббат, адам бойындағы мөлдір сезімдер мен сарғайған сағыныштың жиынтығы. Осы сезімдердің бәрін өлең арқылы жеткізу – менің ең үлкен шығармашылық құштарлығым, – деді Руза Алдашева.

Сонымен қатар, түрлі тақырыпта оқылған өлеңдері көрерменді баурап алды. Ақынның курстас досы, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Жәйдәуіл Әбдіжәділқызы арнайы бейнеқұтықтау жолдап, студенттік жылдардағы жарқын естеліктерімен бөлісті.

Облыстық мәдениет-сауық және халық шығармашылығының ғылыми-әдістемелік орталығының басшысы Марал Тоқсақова құтықтау сөз сөйлеп, қала әкімінің атынан Құрмет грамотасын ұсынып, қаржылай сертификат табыс етті. Ал, облыстық мөлхат депутаты, әнші Меруеш Башай облыстық «Аманат» партиясы төрағасы Бекзат Алтынбековтің Алғыс хатын табыстады. Ақынды облыстық «Ақ жол» партиясының өкілдері де құттықтап, ізгі тілегін жеткізді.

Суреттер кейіпкердің жеке мұрағатынан

• ФУТБОЛ

«Шахтер» үздіктер сапына көтерілді

Қарағандылық «Шахтер» футбол клубы Бірінші-Лига ойындары аясында екінші кездесуін өткізді. Бұл жолы жерлестер өз алаңында Екібастұздың «Батыр» футбол клубын қабылдап, 4:0 есебімен жеңіске жетті.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Команда маусымды жаман бастаған жоқ. Алғашқы ойында «Қайрат» жастар командасымен тең түсіп, ұпайдан қағылмады. Бұл жолы Екібастұз командасын айқын басымдықпен ұтты.

Кездесудің алғашқы минуттарында қарағандылықтар бірден лап қойып, шабуылға ұмтылған жоқ. Олар алдымен қарсыластың әлсіз тұсын аңдып, ойын ырғағын өз бақылауына алуға тырысты. Сауатты тактиканың нәтижесінде қарсылас қақпашысының осал тұсын алғаш болып шабуылшы Ален Айманов тапты. Әріптесі Артем Литовский алаң ортасынан асырған дәл пасын Ален мұлт жібермей, допты қақпаға бағыттап есеп ашты. Осылайша Ален командадағы өзінің екінші ойынында алғашқы голын салды. Бұдан кейін екі команда да қанша тырысқанымен, таблодағы көрсет-

кішті өзгерте алмады.

Екінші тайм басталысымен қарағандылықтар ойын қарқынын үдетті. Соның нәтижесінде, 50-ші минутта Максим Галкиннің оң қапталдан әуелете асырған пасына Владислав Прокопенко бірінші болып жетіп, есеп айырмасын ұлғайтты. Бұл голдан кейін де «Шахтер» тоқтап қалмады. Кездесудің 62-ші минутында Рифат Нұрмұғамбеттің бұрыштамадан асырған добын Қасымжан Тайыпов дәл пайдаланып, есепті 3:0-ге жеткізді.

Кездесудегі соңғы нүктесі 83-ші минутта қойылды. Шабуылшы Марк Богачев сол қапталмен алға ұмтылып, қарсылас қорғанысын қақ жарып өтті. Шабуыл сәтін ұтымды жалғастырып, ол оң қапталдағы әріптесі Ален Пакка дәл пас шығарған. Ален болса, өз мүмкіндігін мұлт жібермей, бос қақпаға допты оңай бағыттап, есепті 4:0-ге жеткізді.

Қазіргі таңда турнир кестесінің көш басында «Оңтүстік



Академиясы» мен жетісулық «Жайық» командасы тұр. Екі ұжымның да еншісінде – 6 ұпайдан. Ал, ІІІ орында 4 ұпаймен қарағандылық «Шахтер» орналасқан.

Алдағы турда жерлестер 23 сәуірде сырт алаңда «Арыс» клубымен кездеседі.

Сурет клубтың әлеуметтік желідегі парақшасынан

• ЖӘДІГЕР

Қазақ тұрмысының асыл қазынасы

Қазақ халқының тұрмысында әрбір бұйымның өзіндік орны мен мәні болған. Сондай асыл қазынаның бірі – Нұра ауданының тарихи-өлкетану музейінің қорындағы ағаш астау.

Ермек БАЛТАШҰЛЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Астау бір қарағанда қарапайым ғана ағаш ыдыс болып көрінгенімен, оның бойында ұлт тұрмысының тарихы, тіршілігі мен мәдениеті сақталған. Ол – өткеннің жай ғана қалдығы емес, қазақтың дарханлығын, қонақжайлығын, бірлікке ұмтылған болмысын танытатын құнды мұра.



– Нұрадағы тарихи-өлкетану музейіндегі сақталған астау – тұтас ағаштан ойылып жасалған бұйым. Ұзындығы – 92, ені – 47, биіктігі – 17 сантиметр. Ыдыстың кендігі соншалық, кезінде оған бір қойылған еті тұтасымен сыйып, берекелі дастарқанның көркін келтір-

ген. Мұндай астаулар көбіне үлкен жиын-тойларда төрге қойылып, қадірлі қонақтарға ас тартуға пайдаланылған. Қазақ ұғымында астауға салынған ас – береке мен бірлікке шақырудың нышаны саналған, – дейді музейдің қор сақтаушысы Анаргүл Нақыпова.

Сурет автордан

• БӘРЕКЕЛДІ!

Үш жүлде иеленді

Түркістан қаласында дзюдо, самбо және қазақ күресінен ардагерлер арасында өткен Қазақстан чемпионатында жерлесіміз, қазақ күресінен спорт шебері әрі тәжірибелі жаттықтырушы Оразғали Мұхаметжанов жоғары нәтиже көрсетіп, үш бірдей жүлдені жеңіп алды. 600 спортшы қатысқан долада үш күн бойы балуан бозкілемге шығып белдескен.



Нұрлос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Көпсайысты долада балуан өзінің жан-жақтылығын толықтай танытты. Әсіресе, самбо күресінде барлық қарсыласын айқын басымдықпен жеңіп, чемпион атанды. Бұл оның техникалық шеберлігімен қатар, тактикалық дайындығының да жоғары деңгейде екенін көрсетті. Ал, дзюдодан да сыңға түсіп, финалға дейін жеткенімен, шешуші сәтте күміс жүлдемен шектелді. Дегенмен, көрсеткен өнері мен қарқыны жанкүйерлер, мамандар тарапынан жоғары бағаланды.

Қазақ күресінде де балуан өз мықтылығын дәлелдеп, қола медальді қанағат тұтты. Бұл нәтижелер оның бір ғана бағытпен шектелмей, бірнеше күрес түрін қатар меңгерген әмбебап спортшы екенін айғақтайды. Жалпы алғанда, спортшының көпсайыстағы жетістігі оның тыңғылықты дайындығының, төзімділігі мен жеңіске деген

жігерінің айқын көрінісі болып отыр.

Айта кетейік, 58 жастағы Оразғали Мұхаметжановтың спорттағы жетістіктері бұған дейін де аз емес. Ол 1985 жылы Алматы қаласында өткен, Ораз Жандосовты еске алуға арналған самбодан бүкілодақтық жарыста күміс жүлдеге ие болған. Сол кезде небәрі 10-сынып оқушысы еді. Жас балуанның сол жетістігі-ақ оның болашағынан зор үміт күттіретін спортшы екенін айқындаған еді.

Жасөспірім шағынан-ақ ірі додаларда топ жарып, жоғары нәтижелер көрсеткен ол бүгінде де спорттық биігінен түскен жоқ. Өткен жылы Талдықорған қаласында өткен қазақ күресінен Қазақстан чемпионатында балқаштық балуан алтын медаль иеленді.

Сонымен қатар, ол «Арландар аймағы» төсбелгісімен марапатталып, арнайы чемпион белбеуінің иегері атанған.

БАЛҚАШ

Сурет автордан

ORTALYQ
QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі

МЕНШІК ИЕСІ: «Saryaqsha Aqparat» ЖШС

Директор
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА

Директордың орынбасары
Станислав Альбертович ПЕСНЕВ

Директордың орынбасары
Галия Боранқұлы БАСТЕНОВА

Бас редактор
Е.К. МҮСАБЕК

Бас редактордың орынбасары
Қ.А. АЙТЖАН

Сайт редакторы
А.Ө. СОВЕТ

Жауапты хатшы
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:

Бас редактор: 43-38-53

Бас редактордың орынбасары: 43-58-08

Интернет-редакция редакторы: 43-38-33

Жауапты хатшы: 43-49-72

Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:

Ақтоғай, Шет, Балқаш,
Приозерск: 8-702-293-13-70

Қарқаралы, Нұра,
Осакаров: 8-702-216-73-50

Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай,
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.
• Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің

Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда

№ KZ18VPY00030163 күәлігі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ғй.

Электрондық пошта: ortalik.kz@gmail.com; ortalik.kaz@mail.ru
Жарнама бөлімі: ortalik.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе
41-26-82, 43-57-88
телефонна хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,
БИК KСJВKZKX БИН 000840001412

Тарапмы 4 068

№42 тапсырыс. Индекс 65484

Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.
Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15.
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.
Кезекші редактор Ербол ЕРБОЛАТ